Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
2018 ж. "18" "маусым"
Заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
БСН 990240006496
Алғашқы тіркелген күні
1999 ж. "22" "02"

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
2018 ж. "18" "маусым"
Заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
№ 1022-1907-01-МК куәлік
Алғашқы тіркелген күні
1999 ж. "22" "02"

# «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысы

Алматы облысы әкімдігінің
2018 ж. «31» маусым
№ 255 қаулысымен
бекітілді

# «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысы

## 1. Жалпы ережелер

1. «Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісіндегі заңды тұлғасы болып табылады.

2.Кәсіпорын Алматы облысы әкімдігінің 2018 ж. 31 маусым «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны деп қайта атау туралы» № 255 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3.Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Алматы облысы әкімдігі болып табылады (әрі қарай - Әкімдік)

4.Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің коммуналдық меншік субъект құқықтарын жергілікті атқарушы орган — Алматы облысы әкімдігі жүзеге асырады.

5.Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырушы орган – «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады бұдан әрі – Басқару органы).

6.Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Наименование Предприятия на русском языке: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Талдыкорганский высший медицинский колледж» государственного учреждения «Управление здравоохранения Алматинской области».

7.Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 040009, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 228

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

## 2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын құрылған болып саналады және мемлекеттік тіркелу уақытынан бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы оқшауландырылған мүлкі, дербес теңгерімі, Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес банктерде есепшоттары, бланкілері мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы көрсетілген мөрі бар.

10. Кәспорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес филиалдары мен өкілеттігін құра алады.

11. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, міндетті мемлекеттік және басқа да тіркеуге жататын Кәсіпорын келісілген азаматтық-құқықтық мәмілелері, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқасы қарастырылмаған болса, тіркелген уақытынан бастап жасалған болып саналады.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты

12. Кәсіпорын қызметінің мәні білім беру және денсаулық сақтау саласында лицензия және өндірістік-шаруашылық қызмет негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

1) бекітілген үлгідегі құжаттарды берумен, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) білім беру бағдарламаларын, медициналық мамандықтар бойынша кіріктірілген модульдік білім беру бағдарламасы мен қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

2) қоғамның білікті орта медициналық және фармацевтикалық білімді мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

3) медициналық және фармацевтикалық білімді мамандардың қосымша кәсіби білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

5) жастар арасында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, патриоттық сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру;

6) оқу-тәрбиелеу барысына инновациялық-педагогикалық технологияларды қолдану;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

7) педагогикалық кадрлардың және қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз арттыру, жас оқытушыларды тәрбиелеу үшін тәлімгерлік мектептер жұмысын дамыту;

8) әлеуметтік серіктестік ауқымын кеңейту;

9) халық арасында медициналық білімді тарату, оның білімділік және мәдени деңгейін, соның ішінде ақылы білім беру қызметі арқылы арттыру;

10) оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды орындау;

11) қаржы-шаруашылық қызметті дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту;

12) таяу және алыс шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтасуды кеңейту;

14. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде мемлекеттік және орыс тілдерінде оқыту бойынша мемлекеттік лицензия негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде орта медициналық және фармацевтикалық білімді мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

3) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерін ақпараттық қамтамасыз ету, оқу-тәрбиелеу барысын (ақпараттық торларды, мәліметтер базасын, бағдарламаларды құру, дамыту және қолдау) ақпараттық қамсыздандыру;

4) студент тұлғасын шығармашылық өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеуші ортаны құру;

5) оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу-әдістемелік құралдардың, дидактикалық материалдардың, оның ішінде электрондық тасымалдаушыларды әзірлеу;

6) ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, тренингтерді, кәсіби ұстаным сайыстарын және тақырыптық семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

7) колледж оқушылары мен қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету, сонымен қатар емдеу- алдын алу шараларын жүргізу;

8) студенттер арасында санитарлық ағарту, салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу;

9) Кәсіпорынның мүліктік жиынтығын, соның ішінде шаруашылық жүргізу құқығына берілген қозғалмалы және қозғалмайтын мүлкін ұстау мен қолдану;

10) заңды және жеке тұлғаларға, Кәсіпорынның мақсаттары мен қызмет түрлеріне сәйкес келетін ақылы білім беру қызметтері және басқа да ақылы қызмет түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі бағыттар бойынша көрсетіледі:

а) пәндердің арнайы курстары мен циклдарын қосымша оқыту;

б) студенттердің денсаулықтарын сақтауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру –сауықтыру бағдарламалары, спорттық-көпшілік

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

іс-шаралар, төрешілік етуді, спорттық іс-шараларға қатысушылар тамағын ұйымдастыру;
в) студенттермен, олардың білімдері мен біліктеріндегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оқу сабақтарын босату салдарынан болған білімдеріндегі олқылықтарды жоюға бағытталған қосымша оқу сабақтары;
г) үлгерім кітапшаларын, студенттік билеттерді, анықтамаларды беру;
д) оқу үрдісін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету үшін техникалық құралдарды қолдану; көшіру және көбейту жұмыстарын көрсету;
е) жеке және заңды тұлғалар үшін тұрғын халықтың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру- сауықтыру бағдарламалары; спорттық-көпшілік іс-шаралар, төрешілік етуді, спорттық іс-шараларға қатысушылар тамағын ұйымдастыру;
ж) симмуляциялық кабинет беру;
з) симуляциялық технологияны қолдану негізінде кәсіби құзыреттілікті жетілдіру үшін симуляциялық оқыту;
11) баспа және дыбыс-бейнелік өнімдерді, сонымен қатар электрондық тасығыштарда оқыту бағдарламаларын, оқулықтарын, оқыту-әдістемелік құралдарын, дидактикалық мәліметтерін шығару және жүзеге асыру;
12) Кәсіпорынның студенттері мен қызметкерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
13) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жұмыс, денсаулық сақтау саласында ғылыми білім беру шараларын, көрмелерді, семинарларды, конференцияларды, кеңестерді, форумдарды, симпозиумдарды, тренингілерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
14) қызметтің түрлері бойынша кәсіби курстар, дәрістер, семинарлар, тренигілер, конференциялар және өзге де шараларды ұйымдастыру мен өткізу формасындағы ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету;
15) Қазақстан Республикасының «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексімен тыйым салынбаған медициналық қызметтің өзге түрлері;
15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап беретін қызметтерді жүзеге асыруға және келісімдер жүргізуге құқылы.
16. Мемлекеттік мүлік бойынша Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын шектелген, қызметтерінің мақсаттарына қайшы келетін, не болмаса басшының жарғылық құзыретін бұзу арқылы жасалған келісім, Әкімдіктің немесе Басқару органының, не болмаса прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 4.Кәсіпорынды басқару

17. Жергілікті атқарушы орган:
1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, немесе бұған жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке иелік етуге өкілетті атқарушы органға уәкілеттік береді;
3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорын атына бекітеді;
4) Кәсіпорын филиалдарын және уәкілдігін құруына келісімін береді;
5) Кәсіпорын мүлкін қолдану туралы, соның ішінде оны кепілдікке, жалға өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды.
6) Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларымен және осы Жарғымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
18. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген тәртіпте келесі қызметтерді жүзеге асырады:
1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басымдылық бағыттары мен жұмыстың (қызметтің) міндетті көлемін анықтайды;
2) Кәсіпорынның даму жоспары мен оны орындау бойынша есептерін қарастырады және бекітеді;
3) Кәсіпорынның даму жоспарын бақылау және талдауды жүзеге асырады;
4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен қолданылуына бақылауды қамтамасыз етеді;
5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады және оның тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді;
6) Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларымен және осы Жарғымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
19. Кәсіпорынның органы оның басшысы, сондай-ақ қадағалаушы кеңесшісі болып табылады.
20. Басшысын тағайындау, оған аттестация жүргізу, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі өкілетті органмен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.
21. Басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді.
Еңбек шартында, Қазақстан Республиксының Еңбек Кодексімен бекітілген жағдайлардан басқа, бюджетке таза кірістің айқындалған бөлігінің мезгілінде аударылуына Кәспорын басшысының жауапкершілгі айқындалады.
22. Кәсіпорын басшысы кәсіпорын мүлкінің сақталуына және қаржылық-шаруашылық жұмысқа дербес жауапты болады.
23. Кәсіпорын басшысы кәсіпорында жемқорлыққа қарсы әрекет ету ісін ұйымдастырады және дербес жауапты болады.
24. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалған, оның құзыретіне сәйкес, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін өздігінен шешіп, дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді.
25. Басшы:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін ұсынады;
2) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шамада Кәсіпорын мүлкіне иелік етеді;
3) келісімшарттар жасасып, басқадай келісімдер жүргізеді;
4) сенімхат береді;
5) банк шоттарын ашады;
6) Кәсіпорын қызметкерлерінің барлығына міндетті бұйрықтар шығарады және басқа да нұсқаулар береді;
7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, жұмыстан босатады, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ынталандыру шараларын және тәртіптік жаза қолданады, егер басқа болса Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және берілген Жарғымен қарастырылмаған;
Басқару органымен қызметке тағайындау және одан босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенеклатурасын басшының ұсынысы бойынша осы Жарғыда белгіленеді;
8) еңбек төлемін, штаттық кесте үлгілерін, Кәсіпорын қызметкерлерінің (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерден басқа) еңбек төлемі қоры шеңберінде, лауазымдық қызмет ақыларды, сыйлық ақылар мен басқа да сыйақылардың жүйесін өздігінен бекітеді;
9) басқару органына өзінің орынбасарларын босату және тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;
10) өзінің орынбасарларына және Кәсіпорынның басқарушы қызметкерлеріне құзыреттілік белгілейді;
11) Басқару органның келісілуімен Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілеттігі туралы ережелерді бекітеді;
13) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесін құрады және құрылым басшыларының құзыреттілігін айқындайды;
14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26. Кәсіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. Кәсіпорын мен Басқару органы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## 5.Кәсіпорын мүлкі

28. Кәсіпорын мүлкін, бағасы теңгерімінде көрсетілген, Кәсіпорынның активтері құрайды.

29. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында салымшылар бойынша (жарғылық капиталдағы қатысты үлестерге, жарналарға) үлестіріле алмайды.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. «18» «06»

30. Кәсіпорынның мүлкі есебінен қалыптастырылады:
1) меншіктенуші арқылы берілген мүлік;
2) өзіндік қызметі нәтижесінде алынған мүлік (қаражаттық табыстарды қоса алғанда);
3) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да негіздерден.
31. Кәсіпорын қолданысында тек жарғылық мақсаттарымен қарастырылған қызметті қамтамасыз етуге, немесе осы қызмет өнімі болып табылатын мүлік бола алады.
32. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің меншік құқықтарын және басқа да заттық құқықтарды алу және тоқтату шарттарында жүзеге асырылады, егер басқа болса берілген Жарғымен қарасытырылған немесе берілген құқықтың мән-мағынасына қайшы келмейді.
33. Шаруашылық жүргізу құқықғындағы мүлікті қолданудан өнім мен табыстар, сонымен қатар Кәсіпорын келісімшарт немесе басқа негіздеме арқылы алған мүлік, меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша Кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығына түседі.
34. Меншік иесімен Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдауға байланысты мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорынның теңгеріміне мүлікті бекіту кезінде пайда болады, егер басқа болса Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбеген немесе меншік иесінің шешімі бойынша.
35. Кәсіпорын оның негізгі құралдарына кіретін мүліктерді сату- сатып алу, айырбастау, сыйға беру келісімдері негізінде иесіздендіруге құқығы жоқ.
36. Кәсіпорын мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің меншіктік құқықты тоқтату үшін 249-бабы негізінде және белгіленген тәртіп бойынша, сонымен қатар берілген Жарғының 37-38-тармақтарында қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.
37. Берілген Жарғының 36-тармағымен қарастырылған, шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздемелерінен бөлек, жедел басқару құқығы меншік иесінің шешімімен Кәсіпорынды заңды мүліктен айыру жағдайларында тоқтатылады.
Құқықтық айыру жағдайларына негізінен жатады:
- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін, мүліктен айыру;
- қажетсіз, қолданусыз немесе мақсатты емес қолданудағы мүліктен айыру.
38. Жергілікті атқарушы орган Басқару органының келісімі бойынша кәсіпорынға бекітілген мүлікті алуға, немесе егер ол, Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілмесе, құрылған басқа да заңды тұлғалар арасына бөліп беруге құқылы.
39. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүліктен айыру туралы шешімді жергілікті атқарушы орган (облыстық коммуналдық мүлікке иелік етуге өкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган)

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қаласы Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

Кәсіпорынға айрылған мүліктің басқа тұлғаға берілгенге дейін күту және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

40. Кәсіпорын басқару органының ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша келісуімен құқылы:

1) филиалдар, уәкілеттіктерін құруға;

2) дебиторлық қарызға иелік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттері бойынша кепілдік алуға және беруге;

4) қарыздар ұсынуға.

41.Кәсіпорын оған бекітілген шаруашылық жүргізу құқығындағы негізгі құралдарға жатпайтын қозғалмалы мүлікке өздігінен иелік етеді.

42. Берілген Жарғының 40 және 41-тармақтарында көрсетілген мүлікпен шарттардан түскен қаржы, егер ол Қазақстан Республикасының бюджеттік кодесімен немесе иелік етуші (жергілікті атқарушы органмен) белгіленбесе, Кәсіпорынмен өздігінен қолданылады.

## 6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

43.Кәсіпорын қызметі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен бекітілген тәртіпте алынған меншікті табысы мен бюджеттік қаражаты есебінен дамыту жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарын дайындау және бекіту тәртібі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі өкілетті органмен анықталады.

44. Кәсіпорынның таза табысының бөлігін аудару нормативтері жергілікті атқару органымен белгіленеді.

Белгіленген нормативтер бойынша Кәсіпорынның таза табысының бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінде белгіленген тәртіп бойынша, сәйкес бюджетке аударуға жатады.

Кәсіпорын таза табысының бөлігін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін, он жұмыс күнінен кеш қалтырмай, сәйкес бюджетке аударуды жүзеге асырады.

45. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді өздігінен жүзеге асырады.

46.Кәсіпорын өндіруші тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) бағасы олардың өндірісіне кәсіпорыннан шығындалған барлық шығындарды, оның қызметінің шығынсыздығын және өзіндік табыстары есебінен қаржыландыруды толығымен қамтамасы етуі керек.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыс (қызмет) көлемі шеңберінде өндірілетін тауардардың (жұмыстар, қызметтер) бағасы Басқару органының келісімі бойынша мемлекеттік Кәсіпорынмен белгіленеді.

Сәйкес тауарлық нарықта монополиялық немесе басым жағдайда болатын табиғи монополия субъектілеріне немесе нарықтық субъектілерге жататын Кәспорындар жүзеге асыратын (жұмыстар, қызметтер) тауарлар құны Қазақстан Республикасының «Нарықтар реттейтін табиғи монополиялар туралы», «Бәсекелестік туралы» Заңдары мен Қазақстан Республикасының басқа да заңдарының талаптары ескеріле отырылып белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. «18» 06

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғымен қарастырылмаған қызметтерді жасау арқылы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджет есебінен қаржыландырудан құрылған жүзеге асырушы тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгіленген бағасын жоғарылату нәтижесінде алынған табыстар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіп бойынша бюджетке қайтарылуға жатады.
Мүлікті оның бухгалтерлік есеп ережелері бойынша сәйкессіз қолдану фактілері анықталған жағдайда, ол да қайтаруға жатады.

## 7. Ақылы қызметтерді ұсыну тәртібі.

47. Кәсіпорын тегін білім беру қызметтерімен қатар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақылы білім беру қызметін ұсынады:
1) орта кәсіби білімнің барлық деңгейлерінде медициналық мамандарды даярлауға;
2) орта буынды медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау
3) мамандандыру
4) парамедиктер
48. Кәсіпорынның және студенттің ақылы білім беру қызметтерін жүзеге асыруға байланысты несиелік қарым-қатынастары, жетілдіру, мамандандыру және медицина қызметкерлерінің орташа медициналық қызметкерлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған келісіммен реттеледі.

## 8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

49. Кәсіпорынның жарғылық капиталы 163473932 ( бір жүз алпыс үш миллион төрт жүз жетпіс үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңгені құрайды, 100% қалыптастырылған.

## 9. Кәсіпорынның есебі мен есептемесі

50. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен қаржы есептемесін жүргізу Басқару органының келісімі арқылы Кәсіпорын басшысымен бекітілетін Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасына және қаржы есептемесінің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізіледі.
51. Кәсіпорынның жылдық қаржы есептемесіне: бухгалтерлік теңгерім, табыс пен шығын туралы есеп, қаражат құралдарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме хат кіреді.
52. Кәспорын Қадағалау кеңесімен жылдық қаржылық есеп беру аудитін өткізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті Кәспорын қаражаты есебінен Басқару

Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

органының, басшының, қадағалау кеңесінің бастамасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

## 10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

53. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді.

## 11. Еңбек ұжымымен қарым-қатынас

54. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және ұжымдық келісімшартқа сәйкес анықталады.
55. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қайшы келмеуі керек.

## 12. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек төлемі

56. Кәсіпорынның еңбек төлемі қорының мөлшері жыл сайын Басқару органымен белгіленеді.
57. Еңбек төлемінің үлгілері, штаттық кесте, лауазымдық еңбекақы мөлшері, сыйлық ақыландыру және басқа да сыйақы жүйелері белгіленген еңбек төлемінің қоры шеңберінде өздігінен Кәсіпорынмен анықталады.
58. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық еңбекақыларының мөлшері, оларды сыйлық ақыландыру және басқа да сыйақылар жүйесі Басқару органымен белгіленеді.

## 13. Қадағалау кеңесі

59. Кәсіпорынның органы болып табылатын байқаушы кеңестің кірісі, қызметі, өкілеттіктері және тоқтатылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## 14. Кәсіпорынды қайта құру және тарату

60. Кәсіпорынды қайта құру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі арқылы жүргізіледі. Кәсіпорын сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған басқа да негіздемелер бойынша таратыла алады.
61. Кәсіпорынды қайта құру және тарату жергілікті атқарушы органмен жүзеге асырылады.
62. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік, жергілікті атқарушы органмен қайта бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. «18» «06»

Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін жүзеге асырудан қалған қаражаттарды қоса алғандағы ақшасы сәйкес бюджеттің табысына аударылады.

## 15.Кәсіпорын Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

63. Кәсіпорынның Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган, немесе бұған облыстық коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылушы атқарушы орган енгізеді.

**«Алматы облысының**
**денсаулық сақтау басқармасы»**
**мемлекеттік мекемесінің басшысы** **Б.Ысқақ**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Алматы облысының Әділет департаменті
Талдықорған қалалық Әділет басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ
2018 ж. "18" "06"

Утвержден
постановлением акимата
Алматинской области
от «31» мая 2018 года
№ 255

# УСТАВ
## государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения "Талдыкорганский высший медицинский колледж" государственного учреждения Управление здравоохранения Алматинской области

### 1. Общие положения

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Талдыкорганский высший медицинский колледж" государственного учреждения «Управление здравоохранения Алматинской области» (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.
2. Предприятие переименовано в соответствии с постановлением акимата Алматинской области от 31 мая № 255 «О переименовании государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Талдыкорганский медицинский колледж» государственного учреждения «Управление здравоохранения Алматинской области» в государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Талдыкорганский высший медицинский колледж» государственного учреждения «Управление здравоохранения Алматинской области».
3. Учредителем Предприятия является местный исполнительный орган — акимат Алматинской области (далее – Акимат).
4. Права субъекта коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет местный исполнительный орган — акимат Алматинской области.
5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является Государственное учреждение «Управление здравоохранения Алматинской области» (далее – Орган управления).
6. Наименование Предприятия на государственном языке: Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған медициналық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.
Наименование Предприятия на русском языке: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Талдыкорганский высший

